

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Конференция атауы:

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Название конференции:

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

Conference name:

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

Жинақ / сборник:

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

ISBN:

978-601-262-550-9

Секция:

IV.I ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОРИЕНТИРЫ НОВОГО КАЗАХСТАНА

Жинақтағы жариялану нөмірі:

№ 3

Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:

13 / 13-17

Автор(лар):

Айтжан Айткүміс Рысқалиқызы

Мақала атауы:

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҰЙЫМЫНДАРЫНДА ЕСЕПТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘӨЖ 336.58:639

**БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҰЙЫМЫНДАРЫНДА ЕСЕПТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Айтжан Айткүміс Рысқалиқызы

aikumis.aitzhan@icloud.com

6B04104 Бизнес процестерінің есебі, аудиті және талдауы ББ 3-курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, магистр – **Альдешова С.Б.**

Ел экономикасының қуаттылығы оның қазба байлықтары мен минералдық ресурстар базасының көлеміне емес, алысты аңғаратын экономикалық реформалар стратегиясының

бәсекелестікке қабілетті жоғарғы технологиялық тауар мен сапалы қызмет жасауға жағдай туғызуға негізделген жөн.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына дейін және одан кейін қабылданған бәсекелестікке қабілетті тауар шығарып, қызмет көрсетуге бағытталған теориялық алғышарттарды экономикалық нақты көрсеткіштерге ұластыру қажет және ол бүгінгі күннің көкейтесті талаптарының бірі. Ол үшін, экономистердің пайымдауынша, әр ел әлемдік шаруашылықта өз тауарымен және қызметімен өз орнын табуы тиіс. Десе де, белгілі бір ел ішкі азық-түлік және киім-кешек сұранысын мейлінше өзі қамтамасыз еткен жағдайда ғана ұлттық экономика бәсекелестікке қабілетті болмақ және ол тұрақты экономикалық даму кепілі.

Балық шаруашылығымен айналысамын деушілер үшін ғылыми кеңес беретін мекемелер бар. Мәселен, «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС балық шаруашылығының, оның ішінде гидробиология, ихтиология, аквамәдениет саласындағы барлық сұрақтарға әдістемелік-кеңестік көмек көрсетеді. Сондай-ақ, зерттеу институтында жасалған замануи жобалар тауарлық өнімді өсіріп-көбейтуге көмектеседі.

Зерттеу институты балықты қолдан өсіру үшін Қазақстанның климаттық ерекшеліктеріне келетін экономикалық тиімділігі жоғары технологияларды әзірледі. Жаңа технологиялар шағын балық шаруашылықтарына бейімделген. Егер технологияның барлық талаптары ескеріліп, қажетті температура мен дұрыс қорек жасалса, балық тез өседі. Мәселен, көксерке, тилипия сынды отандық және шетелдік нарықта сұранысқа ие балықтарды өсіру технологияларының ірі және шағын кешендерге арналған нұсқасы бар. Оларды шаруашылықтарға енгізіп, жүзеге асыру үшін қаржыландыру көздері қажет.

Балық шаруашылығы ауыл шаруашылығындағы басты саланың бірі болып табылады. Балық шаруашылығынан балықтан жасалатын өнімдермен, емдік дәрілер мен мал азығымен қамтамасыздығы тікелей байланысты. Осыған орай балық шаруашылығы кәсіпорындары алдында барлық экономикалық мүмкіншілікті пайдаланып, балық шаруашылығы өнімдерінің өнімділігімен өндірістің тиімділігін арттыру міндеті тұр. Бұл міндетті орындауда басқару жүйесінің бірі болып табылатын бухгалтерлік есептің атқаратын міндеті зор.

Балық өсірумен байланысты операцияларды құжаттау үшін бастапқы құжаттар кешені қолданылады.

1. Өнімді өткізу орындарына жіберу үшін тауар-көлік жүкқұжаты пайдаланылады. Құжатта өнімнің осы түрінің ерекшеліктерін және оның сапасын көрсететін барлық қажетті деректемелер көзделген: буып-түю тәсілі, саны, нетто салмағы, брутто салмағы, массаны анықтау тәсілі, жүк сыныбы, зертханалық талдау деректері.

Сауда желісіне де жіберілген тауарлық балықтың құнына тауарлық-көліктік жүкқұжат ресімделеді

2. Еңбек ресурстарын пайдалану балық өсірудегі өндірістік процестің нәтижелілігін анықтайды. Оларды құндық бағалау еңбек болып табылады. Жұмыс уақытын есепке алу табелі ауыл шаруашылығы ұйымының әрбір қызметкерінің нақты жұмыс істеген және (немесе) жұмыс істемеген уақытын есепке алу үшін, қызметкердің белгіленген жұмыс уақыты режимін сақтауын бақылау үшін, жұмыс істелген уақыт туралы деректерді алу, еңбекке ақы төлеуді есептеу үшін, сондай-ақ еңбек жөніндегі статистикалық есептілікті жасау үшін қолданылады. Еңбек ресурстарын пайдалану балық өсірудегі өндірістік процестің нәтижелілігін анықтайды. Оларды құндық бағалау еңбек болып табылады. Жұмыс уақытын есепке алу табелі ауыл шаруашылығы ұйымының әрбір қызметкерінің нақты жұмыс істеген және (немесе) жұмыс істемеген уақытын есепке алу үшін, қызметкердің белгіленген жұмыс уақыты режимін сақтауын бақылау үшін, жұмыс істелген уақыт туралы деректерді алу, еңбекке ақы төлеуді есептеу үшін, сондай-ақ еңбек жөніндегі статистикалық есептілікті жасау үшін қолданылады.

3. Шаруашылықтағы өнімнің (балық) қозғалысы туралы деректерді жинақтау үшін тоңазытқыш-қойма бойынша есеп.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің балық

саласын дамытуға ерекше назар аудару қажеттігі атап өтілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 тамыздағы қаулысымен бекітілген Ұлттық экспорттық стратегияда Қытай Халық Республикасына балық және балық өнімдерін экспорттаудың үлкен мүмкіндіктері туралы көрсетіледі.

Бүгінгі таңда отандық балық және балық өнімдері өндірісінің көлемін 6,9-дан 600 мың тоннаға дейін ұлғайту әлеуеті бар, бұл көрші елдер мен әлемдік нарықтарға экспорт көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Соңғы 5 жылда өсірілген балық көлемі 729,8-ден 6,9 мың тоннаға дейін ұлғайды. Салада шамамен 11 мың адам жұмыс істейді.

Балық және басқа да су жануарларын өсіру тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды шамадан тыс пайдалану нәтижесінде табиғи су айдындарынан антропогендік жүктемені алып тастау мәселелерінде неғұрлым сұранысқа ие тренд болып табылады.

Осы бағытты дамыту агроөнеркәсіптік секторда жұмыс істейтін орта және шағын бизнесті дамытуға оң ықпал ететіні сөзсіз, басым түрде ауылдық жерлерде қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді және тұтастай алғанда өңірлік сипаттағы бірқатар проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін мультипликативтік әсер жасайды.

Үкімет қойған міндеттің бірі – Каспий бекіресінің табиғи қорын сақтау. Оның баламалы жолы – тауарлы бекірені өсіру. Бекіре тұқымдас балықтардың тұқымы жоғалса, оның өнімін шығаруда тоқтайды. Бұл мемлекет бюджеті үшін орны толмас шығын. Қазіргі экологиялық ахуал бекіренің табиғи өсіміне белгілі бір деңгейде шектеу қояды. Тауарлы бекірені өсіру – табысты, тұрақты, экономикалық тұрғыдан балық шаруашылығын дамытудың ең тиімді бағыты. Балық шаруашылығын жетік білетін мамандардың пайымдауынша, Қазақстанның балық шаруашылығын дамытуға ең қолайлысы – Қытайдың тәжірибесіне жүгіну. Ғалымдар бекіре тұқымдас балықтардың табиғи жолмен көбеюіне ықпал ететін бір әдісті ұсынады. Ол – шабақтарды жасанды жолмен өсіру. Бұл көптеген шет мемлекеттерде қолданылатын әдіс.

Балық өнімдерін Ресейге шикізат ретінде сату арқылы кәсіпкерлеріміз таза пайдадан қағылып, Астраханьдық әріптестерінің кәсібінің дөңгеленуіне орасан ықпал етіп отыр. Олар біздің өнімдерді терең өңдеп, тікелей Мәскеудің үлкен сауда орталықтарына шығарып, пайда көруде. Елбасы биылғы Жолдауынла ауыл шаруашылығы саласы еліміз үшін стратегиялық басым бағыт екенін атап көрсетті. Сол себепті, Атырау облысында экономиканы әртараптандыра отырып, экспортқа терең өңделген өнімдерді шығаруымыз керек.

Дегенмен, Қазақстанның өзінде балықтың бағасы Астараханьдағы саудадағы балықтан қымбат. Елімізде балықты сатып алуға деген сұраныс төмен. Бүгінде балықтың сауда нарығындағы бәсеелесі – тауық еті. Балық өнімдері тез бұзылғыш тағам болғандықтан, оны арнаулы температурада ұстау үшін арнаулы технологиямен жабдықталған дүкендерде сақтау қажет. Ниет болса «Амангелді атындағы» ЖШС-гі Ресейге тәуелді болмай, алыс-жақын шетелге балықты экспортқа шығаруға болатыны айқын. Бірақта кәсіпкердер үшін балықты шикізат күйінде сату пайдалы. Мұның өзі өте қауіпті қадам. Себебі, неғұрлым балық шикізат күйінде саудаға шықса, соғұрлым балық қоры азаяды, тіпті енді он жылдан соң бекіре тұқымдас түгелі, қара балықтың өзіде азаяуы мүмкін. Бағалы балықты тек шикізат етіп сату арқылы пайда көруге дағдыланғандар балықты қолдан өсіруге құлықсыздық танытуда. Елбасы қойған міндеттің бірі – Каспий бекіресінің табиғи қорын сақтау. Оның баламалы жолы – тауарлы бекірені өсіру. Бекіре тұқымдас балықтардың тұқымы жоғалса, оның өнімін шығаруда тоқтайды. Бұл мемлекет бюджеті үшін орны толмас шығын. Қазіргі экологиялық ахуал бекіренің табиғи өсіміне белгілі бір деңгейде шектеу қояды. Тауарлы бекірені өсіру – табысты, тұрақты, экономикалық тұрғыдан балық шаруашылығын дамытудың ең тиімді бағыты. Балық шаруашылығын жетік білетін мамандардың пайымдауынша, Қазақстанның балық шаруашылығын дамытуға ең қолайлысы – Қытайдың тәжірибесіне жүгіну. Ғалымдар бекіре тұқымдас балықтардың табиғи жолмен көбеюіне ықпал ететін бір әдісті ұсынады. Ол – шабақтарды жасанды жолмен өсіру. Бұл көптеген шет мемлекеттерде қолданылатын әдіс. Қазақстан Республикасында, соның ішінде Атырау облысында осындай екі зауыт бар. Оларда

жыл сайын 7 миллион шабақ өсіріліп, Каспий теңізіне жіберіледі. Бірақ мұның мөлшері көршілес мемлекеттермен салыстырған аз екені белгілі.

Маманданған балық шаруашылығы кәсіпорындарының ұйымдастыру-технологиялық ерекшеліктері нормативтік-құқықтық реттеу және бухгалтерлік есеп жүйесін құру ерекшеліктерін анықтайды [2]:

1) балық шаруашылығы саласының өнімі бір жыл ішінде алынған жалпы өнім құнының есебіне кірмейді, себебі балық шаруашылығы саласының өнімі бір жыл ішінде алынған жалпы өнім құнының есебіне кірмейді. Сонымен бірге тауарлық балық өзінің экономикалық мазмұны бойынша мал шаруашылығы өнімдеріне жатады, сондықтан оны есепке алу үшін ауыл шаруашылығы өнімін есепке алуға арналған шотты қолданған жөн – 2520 «Жануарлар»;

2) балық өсіру 41 LAS Ауыл шаруашылығы ҚЕХС биологиялық активтермен (бұдан әрі – БА) айналысатын қызмет түрі ретінде сәйкестендіріледі: балық (балық өсіру) ағымдағы БА тобына жататын актив болып табылады; тауарлық балық ауыл шаруашылығы өнімі болып табылады; балық өсіруге арналған материал қосымша БА болып табылады;

3) балық шаруашылығы мал шаруашылығы саласы болып табылады, сондықтан балық өсіру шаруашылықтарының сала өнімдерін өсіруді есепке алу Мал шаруашылығы үшін сияқты тәртіппен жүргізілуі тиіс. Осыған байланысты шығындарды есепке алу және өнімнің өзіндік құнын қалыптастыру Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өнімдерінің (жұмыстарының, қызметтерінің) нақты өзіндік құнын жоспарлау, есепке алу және калькуляциялау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады;

4) балық өсірудегі технологиялық процесс, өсіру тәсілдері, өндірістік процестердің мамандану және аяқталу деңгейі 8110/2 «мал шаруашылығы» шотында (толық жүйелі немесе толық емес жүйелі балық шаруашылығы; питомникалық немесе тауарлық бағыт; өндірістік цикл кезеңдері және т.б.) талдамалы есепті құруға тікелей әсер етеді;

5) тауарлық балықтарды сатудан түскен табыстар 18 LAS Түсімдер ҚЕХС сәйкес есепке алынады, бұл үшін сатып алу-сату шарттарында көрсетілген бағаны қолдана отырып. Тауарлық бағыттағы толық емес жүйелік балық өсіру балықтарды (балық отырғызу материалы, жемшөп, балық өсіру және аулау жөніндегі операцияларда жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу, зейнетақы жарналарын аудару, негізгі құралдардың амортизациясы, су қоймаларын әктеу, жеке қосалқы өндірістердің немесе бөгде ұйымдардың қызметтеріне ақы төлеу) алуға арналған шығыстармен қатар, сондай-ақ жалға алынған су қоймаларын, жер бөгеттерін, арналарды, балық өсіру құралдарын ұстауға байланысты технологиялық операциялар кешенімен байланысты (штаттағы қызметкерлер қатарынан немесе бөгде мамандандырылған күзет ұйымының қызметі ретінде). Бұл барлық шығыстар өзінің сипаты бойынша тікелей өндірістік шығыстарға жатады. Сондықтан өндірістік процестерді есепке алу жөніндегі бастапқы құжаттарда шығыстарды есепке алу объектісін нақты көрсету қажет.

2020 жылғы қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Президент балық аулауға ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті. Нәтижесінде балық аулауды дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы бекітілді. Балық аулауды дамыту бағдарламасы аясында өсірілген балық көлемі артатынын хабарлады.

2020 жылы өсірілген балық көлемін 9 мың тоннадан 2030 жылға қарай 270 мың тоннаға дейін арттыру міндеті қойылды. Балық өсіру көлемін балық өсіру үшін жарамды су айдындарын пайдалану, сондай - ақ жаңа индустриялық балық өсіру жобаларын іске асыру және қолданыстағы шаруашылықтарды жобалық қуатына дейін жеткізу есебінен ұлғайту жоспарлануда.

2030 жылға дейін 1 283 жаңа балық өсіру шаруашылығы құрылып, бүгінде жұмыс істеп тұрған 288 шаруашылықты өсіру көлемі артатынын атап өтті.

Осы мақсаттар үшін 10 жыл ішінде 340 млрд теңге жеке инвестициялар және 200 млрд теңгеге жуық мемлекеттік бюджеттен тарту көзделіп отыр. 2021 жылы жұмыс істеп тұрған балық өсіру шаруашылықтары есебінен 12,8 мың тонна балық өсіру күтілуде. Жыл басынан бері Жедел деректер бойынша 7,6 мың тонна тауарлы балық өсірілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды. Онда Қазақстанда балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы әзірленді. 10 жылдан кейін жыл сайын шамамен 270 мың тонна тауарлы балық өсіру жоспарлануда. Салыстыру үшін, 2019 жылы Қазақстанда балық аулау көлемі 45 мың тоннаны, балық өсіру - 7,4 мың тоннаны құрады. Жаңа бағдарламаның маңызды бағыттарының бірі саланы субсидиялауды кеңейту түріндегі мемлекеттік қолдау болады.

Экология министрлігінің есептеуі бойынша, он жылдық кезеңде балық өңдеу кешендерін құру және кеңейту шығындарының бір бөлігін өтеу бойынша инвестсубсидияға 36,8 млрд теңге қажет.

Сонымен қатар, балық өсірушілер өз өтініштерінде бүгінгі күні инвестсубсидиялар барлық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін жалпы сомамен қарастырылатынын және басымдылығы бойынша берілетінін атап өтті. Ең бастысы, балық оған кірмейді және, тиісінше, қалдық принцип бойынша қаржыландырылады. Осыған байланысты, бұл мәселені балық шаруашылығы баптарына жеке мақсатты қаражат бөлу арқылы шешу ұсынылады.

Сондай-ақ, бағдарлама балық өсіру шаруашылықтары үшін жем-шөп, техника мен жабдықтар сатып алуға мемлекеттік қолдау шараларын кеңейтуді көздейді. Облыс әкімдіктерімен бірлесіп әзірленген есептеулерге сәйкес, жергілікті бюджет есебінен тікелей субсидияларға 10 жыл ішінде 136,5 млрд теңге бөлу қажет.

Балық өсіру жобаларына инфрақұрылым жүргізуге тағы 7 млрд теңге қажет болады.

Жоғарыда аталған шараларды іске асыру 10 жыл ішінде 2,2 трлн теңге сомасына 1,1 млн тонна балық өсіруге мүмкіндік береді. Балық өнімдерін ішкі тұтынуды жылына 134 мың тоннаға дейін ұлғайту. Бұл балықты тұтынуды бір адамға 4-тен 8 килограмға дейін арттырады және ДДҰ ұсынымының орындалуына 50% жақындайды. Экспорттық түсімді \$330 млн-ға дейін ұлғайтуға қол жеткізу, албырт және бекіре тұқымдас балық өндірісін ұлғайту есебінен импорт көлемін 45-тен 25 мың тоннаға дейін төмендету қарастырылған.

Айта кету керек, Қазақстанда кәсіпшілік балық аулауды жүзеге асыратын субъектілер үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша заңнамалық деңгейде шаралар қабылданды, олардың ішінде балық ресурстарын пайдаланғаны үшін тоқсан сайын жылдық төлемнің орнына ақы төлеу; балық шаруашылығы су айдындарын бекітіп беру тетігі өзгертілді, ол аукцион өткізуді көздейді, бұл жеңімпазды айқындаудың ашықтығын қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға мүмкіндік береді; балық аулауға тыйым салу мерзімдерін ауыстыру рәсімі оңайлатылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. С.Б.Альдешова, А.А.Мусаева, А.С.Биктеубаева Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп. Оқу құралы, Ақ жайық баспасы, 2021 -300 бет.
3. 41 LAS халықаралық қаржылық есептілігі (ауыл шаруашылығы)
4. Ахметова Г.Т., Адиева Э.М., Альдешова С.Б. Қазақстан республикасының балық шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау, Аграрлық нарық проблемалары: теоритикалық және ғылыми-практикалық журнал, № 4 қазан – желтоқсан, 2019.
5. С.К. Искендірова, Р.К. Конуспаев, Т.Ж. Демесинов Ауыл шаруашылығын субсидиялау мәселелері/Қарағанды университетінің хабаршысы, Серия «Экономика». № 4(96)/2019, -Б. 61-66
6. Ахметова Г.Т., Альдешова С.Б., Дарискалиева М.С. Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігін арттырудың негіздері // Қазақстанның Тәуелсіздік күніне арналған «Төртінші индустриалды революция жағдайындағы экономика және білім дамуының мәселелері және келешегі»: атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.-Алматы, 2019.- Б. 42-44.